

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

ХАТТАМА №7
«13» қыркүйек 2024 ж

ПРОТОКОЛ №7
«13» сентябрь 2024 г

Қатысқандар: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы Г.С.Дулатова, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Г.Ә.Беспаев, Студенттерге қызмет көрсету орталығының директоры А.Ә.Болысбек, Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының директоры Л.А.Хасенова, Ақпараттық білім беру орталығының басшысы И.К.Саурбаева, Тілдерді дамыту бөлімінің басшысы А.Ә.Жамантаева, «Аграрлық» факультетінің 1-курс білім алушылары.

Күн тәртібінде:

1. «Аграрлық» факультеті 1-курс білім алушыларына ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты, Әдеп кодексі мен Академиялық адалдық ережесі нормаларын түсіндіру, «Сенім телефоны», «Ректор блогы», «14-24» өзге де кері байланыс арналарын таныстыру.

Сөз алды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жетекшісі Г.С.Дулатова.



Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы құқықтық сана мен мәдениеттің аражігін ажыратып, оған ерекше мән беруге шақырды.

Тәртіп пен білімнің, ғылым мен мәдениеттің ортасына айналған білім беру ұйымында оның әрбір мүшесінің заң нормаларын білуі, сақтауы және оғаны сөзсіз бағынуы корпоративтік мәдениетті арттыруға септігін тигізетінін түсіндірді.

Сондықтан жаңа оқу жылы басталған сәтте білім алушыларды жинап, алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын

түсіндіріп, хабарлау арналарын таныстырып, профилактикалық іс-шаралар өткізіліп отырғанын айтты.

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүйелі үйлестіру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылғанын, комплаенс-қызметтің мақсаты мен міндетін, жұмыс бағыттарымен таныстырды.

Білім алушыларға М.Әуезов атындағы ОҚУ қызметкерлері мен білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері мен басқа да құжаттарды бекітіп, аталған ішкі актілермен жұмыс жасайтыны баяндалды.



Атап айтқанда, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты нормаларын түсіндіріп, Стандартта қызметкерлер мен білім алушылар үшін шектеулер, тыйымдар мен рұқсаттар жүйесі, құқық бұзушылықтан сақтандыратын ұсынымдар жүйесі бекітілгенін хабарлады.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Әдеп кодексінде жұмыскерлер мен білім алушылардың қарым-қатынасы барысында басшылыққа алатын мінез-құлық стандарттары мен жүріс-тұрыс ережелері бекітілгенін мәлімдеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Академиялық адалдық қағидаларында аудиториялық сабақтан бастап, жалпы білім беру процесіне қойылатын адалдық талаптары көрсетіліп, академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері қарастырылғанын айтты.

Сонымен қатар, «Сенім телефоны», «Ректор блогы», «14-24» өзге де кері байланыс арналарына хабарлама беру негіздері, университеттің Әдеп жөніндегі уәкілі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгіну мүмкіндігін баяндады.

Әлеуметтік желі парақшаларындағы аккаунттарды хабарлап, бұл арналар арқылы да кері байланыс орнатуға болатынын түсіндірді.

Қосымша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау арналары, 14-24 call-орталығы туралы үлестірілім материалдары дайындалып, білім алушылармен белсенді таратылатынын, университеттің оқу залдары, аудиториялары мен кабинеттеріндегі қызметтік компьютерлерге, LED

экрандарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттар мен 14-24 call-орталығы туралы баннерлер қойылғанын хабарлады.



Қысқаша университет мүшесі болып табылатын Академиялық адалдық Лигасы жұмысы туралы ақпараттандырды.


Қоса тіркелді: комплаенс-қызмет жетекшісінің жоғарыдағы ақпараттар туралы презентациясы.


Шешім:

1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының, Әдеп кодексі мен Академиялық адалдық қағидаларының нормалары басшылыққа алынсын.
2. Университеттің ішкі құжаттары тәлімгерлік сағаттарда білім алушыларға қол қойғыза отырып, толық таныстырылсын. Ішкі құжаттармен таныстыру топ тәлімгерлеріне жүктелсін.
3. «Сенім телефоны», «14-24» және өзге де кері байланыс арналары әлеуметтік желі парақшалары мен ресми интернет ресурстарға орналастырылсын.
4. Өткізілген іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желі мен ресми ресурстарға орналастырылсын.
5. Мәліметтер назарға алынсын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жетекшісі

Хатшы

 Г.Дулатова

 Д.Құрасбек